

# Ақсу өңірі



Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№3 (10 206)

19 қаңтар

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru



330 жыл  
Бөрібай батыр

## I.ЖАНСҮГРОВ:

ӨЗ ЕЛІ, ӨЗ ЕРЛЕРІН ЕСКЕРМЕСЕ,  
ЕЛ ТЕП АЛСЫН ҚАЙДАН

КЕМЕҢГЕРДІ.



130 жыл

## БАҒЫТЫМЫЗ ЖАҢА САЯСИ ДӘСТҮР

Бұқаралық ақпарат құралдарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек алға қарауымыз керек», - деген ауқымды және ашық сұхбаты жарияланды.

Мемлекет басшысы алға қойған мақсаттары айқын аталып өтіп, мемлекетпен қоғам арасындағы бірлескен жұмысының жасампаз күн тәртібін белгілеп, тағы бір жаңа саяси дәстүрді қолға алды.

Сұхбатпен таныса келе, еліміздің талай айтулы оқиғалармен толысып, адам өмірін жақсартуда қаншама маңызды шешімдер қабылданғанына көз жеткіздік.

Жасалған түбегейлі реформалармен адам санасы жаңарып, құндылықтар өзгерді.

Мемлекет басшысының сұхбатынан тек қана алға қарап, алдымызда ауқымды мақсат тұрғанын түсінуге болады, қоғамның қатысуынсыз қандайда оң өзгерістің болмайтынын түсінуге болады.

**Серікхан ЖАКУПОВ,**

аудандық партия филиалының төрағасы.




AMANAT

Қасым-Жомарт Тоқаев:

“БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ  
РЕТІНДЕ ТЕК ҚАНА АЛҒА  
ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК”

Мемлекет басшысының  
«Egemen Qazaqstan» газетіне  
берген сұхбатынан

## СУБСИДИЯЛАНАТЫН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ!



1. «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы – бұл зейнеткерлік жастағы жұмыс істейтін қызметкерлердің жинақталған тәжірибесі мен дағдыларын беру үшін арнайы құрылған жұмыс орны.

Ұрпақтар келісімшартына 35 жастан аспаған, оқуды 2 жыл бұрын бітірген оқу орындарының түлектері қатысады.

2. «Күміс жас» - жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа толмаған, жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыру үшін құратын еңбекақысы субсидияланатын жұмыс орны.

Жұмыстың ұзақтығы – 36 ай, аяқталғаннан кейін қатысушыға зейнетке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орны беріледі.

Жалақыны жұмыс беруші белгілейді және төлейді, бұл ретте 30 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтындай мемлекет алғашқы 12 айда – жалақының 70%-ын;

13 айдан 24 айға дейін – жалақының 65%-ын; 25 айдан 36 айға дейін – жалақының 60%-ын төлейді.

3. Мүгедектерге арналған субсидияланған жұмыс орындарына жұмыс берушілерге мүгедектерге арналған арнайы жұмыс орындарын жабдықтау үшін құрал-жабдықтарды алуға 300 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтындай мемлекет алғашқы 12 айда – 70 % -ын; 13 айдан 24 айға дейін – жалақының 65% -ын; 25 айдан 36 айға дейін – жалақының 60% -ын төлейді.

Мекен-жайымыз: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, Ақсу ауданының мансап орталығы, I - қабат. Сұрақтарыңыз бойынша: 8-702-129-80-35; 8-700-550-79-54. @ctmzhetyusu

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ.

## ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІ ТУРАЛЫ

Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларын әлеуметтік қолдаудың бір түрі болып табылады.

Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ақсу ауданында тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайы ретінде, меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайы және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды жалдаушыларға коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасының (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде бір адамға 15 (он бес) шаршы метрден кем емес және 18 (он сегіз) шаршы метрден артық емес, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден кем емес аудан нормасы қабылданады.

Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысына

шекті жол берілетін шығыстар үлесі 10 (он) пайыз мөлшерінде.

Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға «Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы «Өнеркәсіп және құрылыс» министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №117 Бұйрығымен айқындалған тәртіппен есептейді.

Аз қамтылған отбасы (азамат) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы немесе "электрондық үкіметтің" веб - порталы арқылы тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтініш жолдайды.

**Мемлекеттік корпорацияға:**

- бекітілген нысан бойынша өтініш;
- өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- отбасының кірісін растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);
- жұмыс орнынан анықтама немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);
- балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;

- банктік шоты;

- тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

- коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

- телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

- жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот ұсынады.

**Тұрғын үй көмегін есептеген кезде келесі нормалар ескеріледі:**

1). Газ тұтыну - 1 айға бір кішкене балон;

2). Электр жүйесін қолдану: 1 адамға - 45 киловатт, 2 адамға - 90 киловатт, 3 адамға - 135 киловатт, 4 және одан көп адам тұратын отбасына - 150 киловатт;

3). Қатты отынды тұтынушылар үшін: пешпен жылытатын тұрғын үйлерге бір календарлық жылға - 4 тонна көмір (әр тоқсанға бір тонна көмірден). Қатты отынның құнын есептегенде аймақта өткен тоқсанда қалыптасқан орташа баға ескеріледі.

**Қ.БЕКБАЛАНОВ,**  
Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

### «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНЫҢ 113-5-БАБЫНЫҢ 9-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС АҚСУ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ АРАСАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ӘКІМДІККЕ КАНДИДАТТЫҢ ТІРКЕЛГЕНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА ЖАРИЯЛАЙДЫ

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (жұмысы), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Ұсынылу тәсілі
Арасан ауылдық округі бойынша			
Кабилов Рамиль Зарифович	18.04.1988 ж.	«Жунар» шаруа қожалығының басшысы Арасан ауылы, Достық көшесі -17 А үй	Өзін-өзі ұсыну

Комиссия төрағасы  
комиссия хатшысы

С. ЖҰМАБЕКОВ  
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ I, II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

АУДАНЫНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫНЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 65750



# АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ

**Аудан тұрғындарымен, қарапайым халықпен, оқырмандармен тығыз қарым қатынас жасау мақсатында газетіміздің форматын өзгертіп, оқырмандарымыз қызығып оқитын жаңа айдарлар ашып, ауданымыздағы әр ауылдық округтің жеткен жетістіктері мен қоса, ауыл тарихы, ауылдан шыққан қарапайым еңбеккерлердің еңбектерін паш ету мақсатында «Ауыл – ел бесігі», «Еңбек адамы», т.б. тақырыптарда ауылдарды ашу биылғы жылғы және болашақтағы жоспарымызда бар.**



Жансүгіров ауылдық округі бойынша жыл басынан 50 қоғамдық жұмысшы болса, бүгінгі таңға 19 адам жұмыс істейді. Осы кісілердің күшімен бас каналдан су жібермей тұрып көше бойындағы су жүретін арықтар сәуір, мамыр айларында 2 рет, су тоқтаған соң қазан айында 3-ші рет толық тазартылды. Қоғамдық орындармен көше бойы қоқыстардан күнделікті тазартылады. Арнайы қойылған 90 контейнер тұрмыстық қатты қалдықтардан 10 күнде 1 рет шығарылып, жыл бойына шамамен 1600 тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдықтар арнайы төгетін орынға шығарылды. «Ауылына қарап - азаматын таны» дегендей ауыл тазалығы басты назарда.

Мемлекет басшысы осы сұхбатында тағы да «Менің тапсырмаммен Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексін әзірлеп жатыр. Салық жүйесін жетілдіргенде тек төлем жинау тәсілімен шектеліп қалмау өте маңызды. Бір жағынан, инвесторларға қолайлы жағдай жасау керек. Екінші жағынан, бюджет кірісінің азайып кетпеуіне мән берген жөн. Яғни таразы басын тең ұстау қажет» - деді.

Округ бойынша 2023 жылдың 12 айлығында салықтың 5 түрінен жалпы болжам 22860 мың теңге берілген болса, бюджетке нақты түскені 36982,4 мың теңге жиналып, жоспар 161,8 % орындалды. 2023 Жаңа бизнес – идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант бойынша 18 адамға 24 млн 840 мың теңге

Алдымен аудан орталығы Жансүгіров ауылдық округінен бастағанды жөн санадық. Осылай ары қарай да барлық ауылдық округтер жалғаса беретін болады. Сонымен Жансүгіров ауылдық округінде 2023 жылдың 01 шілдесіндегі санақ бойынша **11694** тұрғын тұрады. Оның ішінде орталықта - 10187 адам, Көкөзек ауылында – 816 адам, Алтынарық ауылында – 691 адамды көрсетті. Былтырғы жылмен салыстырғанда **1340** адамға көбейді.

Жақында Президент Қасым - Жомарт Кемелұлының сұхбатын тыңдадық. Мемлекет басшысы осы арада «Тағы бір маңызды міндет – инвестиция тарту. Бұл міндетті орындауға жекешелендіру және активтерді қайтару науқандары да септігін тигізеді. Қомақты инвестиция болса, экономика қарқыны үдей түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Осы орайда мен жақында Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл штабқа еліміздегі инвестициялық ахуалды



Жансүгіров ауылдық округі тұрғындардың басым бөлігі ауылшаруашылығы саласымен, яғни, 335 шаруа қожалық егін шаруашылығымен, 89 ірі шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады. Ауылшаруашылығы мақсатына арналған шаруа қожалықтары пайдаланатын жерлердің және егіс алқаптарының көлеміне келсек, жеке меншіктегі барлық жерлер - 16 993,80 га, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер алқаптары -16 550,80 га.

Аудан орталығында әр сенбі сайын ауылшаруашылығы жәрмеңкесі өткізіліп тұрады. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы базар мен дүкендерге қарағанда арзан. Сатылатын өнімдердің санитарлық ережелерінің сақталуы қатаң бақылауда. Күнделікті халыққа қажетті тағамдардан бастап азық түлік, көкөніс, жеміс - жидектер, бал, тағамдары, балық, ет, сүт өнімдері үзбей әкеліп халық пайдасына сатылып тұр.

Аудан орталығында Ақсу алыбы Ақсу қант зауыты жұмыс жасайды.

2024 жылдың өніміне қант қызылшасының себу жоспары – 500 гектар, бүгінгі күнге 27 шаруа қожалық 541 гектар алқапқа қант қызылшасын себуді жоспарлап отыр. Жыртылған терең сүдгері көлемі 445 гектар. Жоспар – 500 гектар.

Биыл ғалым, академик Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жыл. 1999 жылы гимназия статусын алған Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп 1967 жылы салынған. Қазіргі таңда онда 1100 оқушы білім алып жатыр.

Мектеп ғимараты 2024 жылы күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жоспарланып отыр. Күрделі жөндеу жұмыстарына құны 1 млрд. 653 млн. 917 теңгені құрайтын жобалық - сметалық құжат 2021 жылы дайындығы, сараптамадан 2023 жылғы 20 ақпанда өтті.

жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген» - деп инвестиция тарту маңызды міндет екенін ашып айтты.

2023 жылғы округ бойынша берілген жоспар 500 млн. теңге. 9 айдың қорытындысы бойынша 440,02 млн. теңге инвестиция тартылып, 88 пайызға орындалды.



Округ бойынша Жансүгіров ауылында – 2346, Алтынарық ауылында - 158, Көкөзек ауылында – 131 түтін басы бар.

Округ бойынша ауыл тұрғындарының көп балалы, аз қамтылған, жалғыз тұратын адамдар және мүмкіндігі шектеулі статусына жататын 48 отбасыға ағаш отынын үйлеріне әкімшілік тарапынан жеткізіліп берілді. Қыс мезгілінде мұқтаж адамдарды ағаш отынмен әлі де қамтамасыз ету округ әкімдігінің жоспарында бар.

Округте 5 орта мектеп, 1 өнер мектебі, 3 балабақша және 3 спорт мекемелерінің ғимараттары бар. Оларға қойма сыйымдылығына қарай, жеке кәсіпкерлермен келісім шарт жүргізіліп, лимит мөлшеріне сәйкес қатты және сұйық отындарымен тағмын айында толық қамтылып қойылды. Барлығының қылыту қазандығының жағдайы қанағаттанарлық.

беріліп, бизнес жоспарларына сәйкес керекті заттарын алды.

2,5 пайызбен жастарға кепілдендірілген шағын несие көлемі 5 млн – ға дейін, қазіргі таңда несие 52 - адамға тағайындалып, 232 млн 320 мың тнг төленді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төртінші тоқсанда аз қамтылған 123 отбасыға тағайындалып 67 млн 565 мың теңге төленді. Атаулы әлеуметтік көмек тоқсан сайын тағайындалып, отбасының кіріс мөлшері қайта саналып, тоқсан сайын қайта есептелінуде.

«Бизнесті бастау» бағдарламасымен 17 адам оқуға тіркеліп оқып жатыр. Әлеуметтік жұмыс орындарына 14 адам, жастар практикасына 9 адам, ақылы қоғамдық жұмысқа 58 адам жіберіліп, жұмыстарын атқаруда.

Ербол СЫМХАНОВ.

# ЖЫЛ ҮЗДІГІ - 2023

Мемлекет басшысының жыл басында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатынан ел болашағына қатысты біраз нәрсені аңғаруға болады.

Сұхбатта мемлекеттің, өсіресе, жастарды заман талабына сай жаңа дағдылар мен мамандықтарды игеруге шақыруы уақыт талабын дәл басып, жастарға деген ерекше сенім артып отырғанын байқатты.

Біздің ауданымызда да Жыл үздігін анықтау жыл сайынғы дәстүрге айналған. Үздіктерін анықтаудағы негізгі мақсат өзгеде азаматтарды ынталандыру, және олардың ішінен үздіктерін анықтау.

Сондықтан, келешекке үлгі болсын деп биылғы үздіктерді жариялап отырмыз. Жансүгіров ауылы бойынша 6 үздік шықса соның үшеуін осы жолы таныстырмақпыз



Күдербаев Азамат Нұрланұлы 1991 жылы 4 мамырда Жансүгіров ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінің табалдырығын атап, 2007 жылы осы аталған мектептің 9-сыныбын бітіріп, №21 кәсіптік мектепке оқуға түседі. 2010 жылы «Газэлектрді өнеркәсіпшісі» мамандығын алып, 2011 - 2012 жылдары әскер қатарында болады. 2021 жылы Ақсу политехникалық колледжіне оқуға түсіп, 2022 жылы «Автокөлік электрігі» мамандығын алып шықты.

Отбасылы. 2014 - 2021 жылдары аралығында «Ақсу ТВК» ЖШС (бұрынғы Ақсу су құбыры) жөндеуші қызметін атқарып, 2021 жылдан «Ақсу Кант» ЖШС-де Газэлектрді өнеркәсіпшісі қызметін осы уақытқа дейін атқарып келеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Өнеркәсіп саласының үздік жас қызметкері» номинациясын жеңіп алды.



Нұрұлы Ернар 18 сәуір 1989 жылы Жансүгіров ауылында дүниеге келген. 1995 жылы Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінің 1-сыныбына барып, 2006 жылы бітірген. Сол жылы №21 кәсіптік мектепке оқуға түсіп, 2007 жылы «Электронды есептеуіш машинасының операторы» мамандығымен аяқтап шықты. Білімін ары қарай жалғастырып, 2008 жылы Талдықорған қаласындағы «Экономика және кәсіпкерлік» колледжіне түсіп, 2010 жылы «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығын алды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын атқарды.

Отбасылы 2016 жылы Дәуірова Мадина Дәуірқызымен бас қосқан. 1 баласы бар. 2010 - 2012 жылдар аралығында Ақсу ауданы әкімшілігінде келісім - шарт бойынша әр түрлі қызметтерде жұмыс істеген. 2012 - 2013 жылдары «Ақсуирригация» СШМКК - да оператор қызметін атқарады. 2013 - 2020 жылдар аралығында «Ақсу Барысы» ЖШС - де бас редактор, дизайнер қызметінде болып, 2020 жылдан бастап, осы уақытқа дейін «Мейір» жеке кәсіпкерлігінің басшысы болып қызмет атқарып келеді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Үздік жас кәсіпкер» жеке кәсіпкер номинациясын жеңіп алды.



«Үздік жас өнерлі отбасы» - номинациясын жеңіп алған Нұрланбековтар отбасын Ақсу ауданы біледі десек артық айтпаспыз. Бұл отбасы 2020 жылы Алматы облысы бойынша «Үздік жас отбасы» - номинациясын, Өткен жылы Жетісу облысының «Үздік отбасы» - номинациясын жеңіп алғанын білесіздер.

Ендеше осы үздіктер 2024 жылдың үздіктеріне үлгі болады деген сенімдеміз.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.



## МЕРЕЙЛІ ҰСТАЗ

Ұстаз – екінші ата - ана, - деп дұрыс айтылған. Біз алғаш тәрбиені отбасымыздан алсақ, екінші мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, біліммен қоса тәрбие беретін, ол әрине - ұстаз. Бізді осындай бірінші сыныпқа келгеннен бастап, күлімдеп, жайдары жүзімен қарсы алған апайымыз - Қуат Терібаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Шермұхан Толқын Мұратқызы болатын. Міне, содан бері 4 - сынып оқып жүрміз. Апайымыз бізді өзінің бойындағы барлық жақсы қасиеттерімен бірге, білім бере отырып, бізді өнердің барлық түрінен, яғни, жан - жақты тәрбиелеп келеді.



ымыз біздің екінші анамыздай болған - сондай тамаша жан.

Толқын апайға ұстаздық жолындағы еңбегіңіз жана берсін, - дей келе осындай ұстаздарымыз көп болса екен деймін.

**Қайрат МАДИЯРҰЛЫ,**  
**Қуат Терібаев атындағы**  
**орта мектептің 4 - сынып**  
**оқушысы.**

Баланы өмірге әкелетін біріншіден ол, ата - ана. Сәби жарық дүние есігін алғаш отбасында ашады. Өмірге жаңа келген сәби көзін ашқаннан көретіні әрине ол, өмірге әкелген ата - анасы. Бала өсе келе жүріп, сөйлей бастағанда еститіні ата - ананың сөзі және де іс - қимылы. Есейе келе, бала алғаш тәлім - тәрбиені толық отбасынан алатыны бәрімізге белгілі. Сол себепті де, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің», - деген осыдан шыққан екені де аян. Одан кейін бала алғашқы қадамын, балабақшада бастаса, әрі қарай мектеп табалдырығын аттайды. Содан баланың екінші баспалдағы мектеп, ұстаз, жаңа орта, қоршаған бала болып саналады. Мектепте бала мұғалімнен білім ала отырып, тәрбиені ұштастырады, балалармен араласады.

Ол ортада әр отбасынан шыққан баланың тәрбиесі ерқалай болады. Себебі, әр отбасы шағын мемлекет дейміз ғой, соған орай әр отбасының өз тәрбиесі, өз қызметі, өз мәселесі болады. Сондай әрқилы тәрбие, есейіп келе

## БАҚЫТТЫ БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ӨСІРУ КЕРЕК?

жатқан балаға қатты әсер етері сөзсіз. Кейбір отбасында балаға жылы сөйлеу, жақсы тәрбие, баламен дұрыс пікір алмасу, баланы ештеңеден тарылтпай, әрине, өз еркімен мүлдем жіберу емес, бәрін өз орнымен, өз айналымынан асырмай отырады, бұл бала әрине сөзсіз ақылды, кішіпейіл, жанашығыш, қамқоршы болып өседі. Кейбір отбасында балаға дөрекі сөйлеу, неше түрлі боқтық сөздер есту, баланы қатарынан қалдырмау, дұрыс тамақтанбау сияқты өзгерістер болары анық. Мұндай бала әрине, жылылықты басқа ортадан іздейтін, қатыгез, өзімішл және де жоқты естіген бала жамандыққа бейім болып өседі. Міне, осындай жағдайлардан кейін баланың қандай боп өсуі екіге бөлінері анық.

Осыдан барып бәріміздің ойымызда бақытты баланы қалай өсіру керек деген сұрақ тууы әбден мүмкін. Бақытты бала, ол

бірінші әрине бақытты отбасы. Баланың бастысы дені сау, білімді, үлкенге құрмет, кішіге ізет ете алатын, жақсылыққа бейім, өмірге құштар, өз - өзіне сенімді, өмірдің бір саласына кірпіш болып қалана алатын, қандай қызмет болса да, ынта - жігермен істейтін, яғни, еңбексүйгіш, жан - жақты, жақсы мен жаманды айыра білетін, алды - артын ойлайтын, сондай - ақ, салауатты өмір салтын толық қамтып өскен бала, мықты азамат пен азаматша болып қалыптасуы, бақытты бала болуы әбден мүмкін.

Сондықтан отбасында ата - ана, мектепте ұстаз болып, тығыз байланыста жүріп, бақытты баланы өсіре берейік. Бала біздің жалғасар ұрпағымыз, болашағымыз дегім келеді.

**Перизат МҰХАМЕТАЛИНА.**  
Көкөзек ауылы.

## ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТАМЫРЫ

Жалпы жаратылыстық тылсым күштер айта берсек жеткілікті. Алайда, орнын ешбір күш иесі баса алмайтын, алып тылсым құбылыс, ол тіл деп айтылған едім. Себебі, қаншама ұлттарды бір-бірінен даралап тұратын ол қасиет туған ана тілі. Оның бойында ұлттық рух, ұлттық болмыс, дәстүр мен салт терең дарыған. Сондықтан есті әр ұлт өз ана тілінде сөйлеп қана қоймай, оны мақтан етіп, тіпті де дамыту жолында тынбай еңбек еткені абзал. Себебі, бүгінгі таңда ана тілі тоқырап, қолданыстан ажыратылған ұлттардың бар екені белгілі. Оған себеп сол ұлттың не халықтың жойылып кетуі болып тұр. Біз бұнымен не айтқымыз келеді, тілі жойылған ұлттың өзі де өміршеңдікке ие болмайды.

Әлемдік зерттеулер негізінде ең көп таралған тіл - ол ағылшын тілі. Ең сұлу тіл - француз тілі. Осы қатарда қазақ тілі әлемдегі мағынасы ең көп синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу ерекше тіл, қолданылуы аз болғанымен өзіндік ерекшеліктерге бай тіл. Дәл осы асыл қазынамызды қызғыштай қорғап бағалай білгенде ғана тіл бізді биікке көтере бермек. Кешегі ру мен ру, өңір мен өңір арасындағы қан төгіскен дау - дамайды да, би - шешендер мен абыздардың шешендік жүйелі сөздері арқылы ымыраға келтірілгені тарих беттерінде айқын жазылған. Тіл өлсе ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес, сондықтан да әр азамат, азаматша өз жанұясынан бастап кез-келген қоғамдық ортада, ана тіліміз, қазақ тіліміздің мәртебесін өсіру жолында шаршамай, есесіне тереңінен іздене беруіміз керек. Сонда ғана болашаққа даңғыл жол салып ұлттық тамы-



рымызды тереңдете алған болар едік. Тіл тұғыры бөрінен биік тұрғанда ғана, әр ұлт өміршеңдікке ие. Қаншама тіл жанашырлары талмай еңбектеніп, зерттеп, тарихы терең қазақ тілінің қыр-сырын айқындап берді. Біз сол салынған сара жолды, әрмен қарай таза қалпында жалғастыра отырып, кейінгі жас ұрпаққа талмай дәріптей бергеніміз абзал. Қоғам талабына сай өз ана тілімізде сөйлей отырып, өзге тілдерге құрметпен қарап, дамыған озық елдермен тереземізді тең етіп, керегемізді кең етіп өсіп - өркендей берейік.

**Әсем ЕСЕНАМАНОВА,**  
**Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің**  
**директоры.**

## ТЕРРОРИЗМ - ҚОҒАМ ЖАУЫ

«Іштен шыққан жау жаман», - деп қалай тауып айтқан бабаларымыз.

Қазіргі қарыштап дамыған қоғамның жақсы жаңалықтары өте көп. Әлемдік ізденіс негізінде жаңашылдыққа, оқу-білім, мәдениет, денсаулық, спорт, ұлттық құндылықтар мен ежелгі тарих жайында саралай отырып әлемдік өркениетке де үлкен басымдылық берілуіде, дей тұрғанмен сол қадамға ілесе алмаған, заң талаптарына сай жүргізі келмейтін, оңай жолмен өмір сүруді мақсат еткен, әр жақтылы сауаттылығы толық емес адамдар негізінде құрылған топтардың жасақталуы мен терроршылық жағдайдың белең алуы да емес - емес байқалуда. Сол әрекеттерінің өзі тыныш қоғамға үрей мен сенімсіздік және де біркелкі дамуына орасан кері әсер етуде. Ол топтар алыс - жақын шетелдердің елге ірікті салуды көздеп жоғарыда айтқандай, діни сауаттылығы төмен жастармен жұмыс жасап, оларды жеңіл ақшаға үйретіп санасын улау арқылы өз отбасына, өз жұмысына, жалпы елге сатқындық жасауға итермелеп, нағыз қанішер

етіп қалыптастырып отырған, сондықтан әр ата - ана ұл - қыздарымыздың кімдермен қандай жұмыс жайында, қандай бағытта қарым - қатынас жасап жүргенін әр кез назарда ұстай отырып, өте жауапкершілікпен ел тыныштығына, қоғам қауіпсіздігіне үлесімізді қосуға атсалысуымыз керек. Қазір кез - келген тұлғаның қолында, ұялы телефон, оның ішінде ақпарат көздері жеткілікті, қысқасын айтқанда не керектің бәрі бар. Сол дерек көздерін негізге ала отырып, өзге діни ағымдарға түрлі алаяқтық кәсіп көздерін жарнамалап, жастарды шақыру арқылы арам пифылдарын оңай жүзеге асырып кеткен жәйттерде жоқ емес. Сондықтан тағы да қайталап айтарымыз, балаларымыздың телефонын толықтай қадағалауда ұстауды ескертеміз. Сіз болып біз болып жұмыла әрекет еткенде ғана терроризмнің тамырына балта шауып, жолын кесе аламыз. Сонда ғана «ел іші даусыз, ел шеті жаусыз» бейбіт еліміздің тұғыры мәңгі биіктей бермек.

**Гүлбахар ЕРКІН,**  
**Қызылағаш ауылдық**  
**мәдениет үйінің әдіскері.**

## АЙТАР АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ!



цина егу, аяқ асты ауыра қалса, тағы басқа кездейсоқ жағдай бола қалса, жас төлің дұрыс өсуі кезінде туындайтын қиындықтарды шешу мал дәрігерлерінің көмегі келуі мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарына ауадай қажет.

Осы орайда Жансүгіров ауылдық округінің ветеринарлық пунктін жұмысын ауыз толтырып айтарлықтай деңгейге жеткендігін айтып өткен жөн.

Осыдан екі - үш ай бұрын аурухана ауласында дәрігерге қаралу үшін кезек күтіп отырғанымда екі азаматтың өзара сөйлескен сөздерін естіген едім.

Біреуі: «Бұрынғыдай емес мал өлімі де, ауруы да азайды», - десе, екіншісі: «Иә, Ұлан келгелі бәрі дұрысталды, мықты маман ғой, жауапкершілігі мол», - деді.

Халық айтса, қалт айтпайды емес пе? Осы бір екі азаматтың әңгімесінің шындық екеніне көзім жетті.

Жаңа жылдың алды. Ел болып мерейлі жаңа жылды тойлап немесе тойлауға даярланып жатқан күн. 31.12.2023 жыл. Аяқ асты мал дәрігерлерінің көмегі қажет болып, қиналып қалдым.

«Демалыс қой, ешкім келе қоймас», - деген дұдамал оймен ветпунктке хабарластым. Телефонды Ұлан алды. Мән

- жайды сұрап білгеннен соң, «Қазір 20 минутта жетеміз, барамыз», - деді. Тура дер кезінде келді. Дәрі - дәрмек, қажетті құралдарын ала келген веттехниктер Жаннат Жақсылық, Өмірхан Ілияс, Ұланның өзі дереу ем жасап, өлім ауызында жатқан жануарға тіршілік сыйлады.

Қорытып айтқанда, Жансүгіров ветеринарлық пункт меңгерушісі Есболатов Ұлан бастаған ветеринарлар уақытпен санаспай, өз міндеттерін абыроймен орындауда мал шаруашылығымен айналысқан қарапайым халыққа жанды көмек беруде. Демек, ауданның мал басының өсуіне, шығынсыз көбеюіне үлестерін қосуда.

Ұлан Есболатов өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін, өз мамандығын, қызметін ерекше құрметтейтін басшы.

Ауа - райының қолайсыз жағдайларында да, және басқа да қиындықтарға төзіп, мойымай Ұлан басшылық ететін ұжым өз міндеттерін, қызметтерін абыроймен ары қарай жалғастыратындығына сенемін.

Сондай - ақ, бұл ұжымға мал өсірумен айналысатын, шұғылданатын, қиын да, қажырлылықты талап ететін еңбек иелерінің, шаруа қожалықтарының айтар алғысы шексіз.

Жансүгіров ауылдық округі ветеринарлық пункт ветеринарларына, ұжым басшысы Ұлан Есболатовқа Жаңа жылда жаңа табысқа жетулерін, жанұя бақытын тілейміз.

Халық алғысына бөленіп, абыройларың өсе берсін айналайындар!

**Закира НҰРЫШҚЫЗЫ,**  
**зейнеткер - ұстаз, «ҚР Оқу ісі үздігі»,**  
**«Б.Самат» шаруа қожалығының**  
**басшысы.**

Осыдан біршама жылдар бұрын Кеңес өкіметі тарап, еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдар ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кеткен мал басы күрт кеміп, өрісіміз қаңырап, кең дала жетімдіктің күйін кешкендей еді. Шұбырған малдың тұяғынан шаңы шығып жататын жайлаудағы тіршілік те сән - салтанатын жоғалтқандай көңілге көлеңке түсірген.

Әйтсе де соңғы жылдары иелігіне жер алып, мал басын өсіре бастаған шаруа қожалықтары қожыраған тіршілікті қайта қалпына келтіріп, яғни, кеміген мал басын көбейтіп, ен даланы егіске толтырып тіршілікке жан бітірді.

Естерін ерте жиып, дер кезінде бұл тіршілікті бастап кеткен кей азаматтар қазіргі таңда жер көлемі жағынан да, ауданға, елге тигізер пайдасы жағынан да ірі табысты шаруа қожалықтарға айналған.

Алайда, қожалықты кеш құрып, шағын жер көлемімен - ақ, табысты еңбек етіп жүрген шағын шаруа қожалықтарының еселей тіршілік етуін, қиналса да қиындықты жеңуге даяр екендігін дәлелдеп жүргендер аз емес.

Жарты ғасыр білім саласында еңбек етіп, зейнеткер атанғаннан соң, жолдасымның үлесімізге алған жерді пайдаланып, ұрпағымыз еңбекке жұмылдыру мақсатымен «Б.Самат» шаруа қожалығын құрдым.


Әрине, мал асырау, егін егу оңай тіршілік емес. Қиындығы мол бұл тіршіліктің бірде пайдасы болса, бірде зиян да шегіп жатамыз.

Жаз айларында мал азығын өзіміз даярлаймыз, жоңышқа, соя, бидай егеміз.

Мал жазда өрісте болса, қыста күтімді қажет етеді. Малға уақытында вак-



# ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ



3 қаңтар, 2024 жыл



## БИЫЛ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ІРГЕСІ ҚАЛАНҒАНЫНА – 800 ЖЫЛ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ

«Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатынан

Көп қан төгілді, қалалар қирады, жұрт босқынға ұшырады. Тарихи-шежірелік әңгімелер ұлы жиһангердің әлемді бағындырудағы іс-әрекеті оның дүниеге келгенінде тағдырына жазылған миссия еді деген ойды алға тартады. «Моңғолдың құпия шежіресінде» «Шыңғыс қаһан туғанда оң қолымен асықтай қан шеңгелдеп туыпты» дейтін дерек бар. Сол дерек Хиуа ханы Әбілғазының «Түрік шежіресінде» былайша тәпсірленеді: «Шыңғыс хан хижраның 559-ншы доңыз жылында Білүн йылдық деген жерде дүниеге келді. Туғанда бір қолын жұмып тұды. Кіндік шеше болған әйел қолын ашып қарап еді, бір уыс ұйыған қан көреді. Мұны келіп әкесіне айтты, отырған кісілердің еш қайсысы бұл неңің нышаны екенін айта алмады, тек бір кісі ғана: «Бұл бала дүние жүзіне патша қатар, көп елдер мен уәлаяттарды қаталдықпен өзіне бағындырар, бұл – соның нышаны», - дейді. Сол кісінің айтқаны келді. Тіпті, оның ұрпағы Абылайдың өзі «қанішер» деген батырлық құрметке ие болған. Ал, Абылайдың ұлы Қасым хан анадан туғанда арғы атасы Шыңғыс сынды қолына қан шеңгелдеп туған екен. Ақсақ құлан – Жошы хан... Шыңғыстың көзі тірісінде аңызға айналған оқиғаның бірі – Жошының өлімі. Тарихи зерттеулерге сүйенсек, ол жұмбақ жағдайда қайтыс болды. Мұндай өлімнің түрлі қауесет тудыратыны – өмір шындығы. Халық шығармашылығының қайнар көзі ретінде фольклор да бұл үрдістен шет қалмаған: жұмбақ өлімінің себебі туралы көркем туындылар дүниеге келген. Ол туындылардың бірі жыр, екінші бірі күй үлгісінде ел арасына кеңі тараған. Жошының өлімі туралы аңыздың алғашқы көркем үлгілерінің бірі XVI ғасырда жазылған «Шадрат аль-атрақ» («Түрік шежіресі») деген шежірелік туындыға тіркелген. Оның мазмұны Шыңғыс ханға баласы Жошының өлімін дүние құбылысын жұмбақтай отырып тұспалдап естіруге құрылған. Естіртуші – Ұлық Түрік атты жыршы.

Тарихи-шежірелік туындының авторы Жошының өлімі туралы аңызды баяндау алдында Шыңғыстың үлкен ұлының өмірге келген тарихын, оған бауырлары Шағатай мен Үгедейдің Жошының тегі туралы жапқан жала-айыбын, қағанның Жошыға деген сүйіспеншілігі мен құрметі ерекше болғанын жазады. Тизенгаузеннің жинағына еніп, мәтіннің мағынасына орысша түсіндірме беріп ұсынған аңызбен мұқият танысқанда, Шыңғыс сүйікті ұлы қайтыс болғанда үлкен опық жегені байқалады. Ол опық жеу жырдың шумағындағы «Кулун алған куландай кулунумдин айырылдым// Айрылышқан анкаудай ер олумдин айырылдым» деген жолдарда көрініс тапқан. «Айырылышқан анкаудай» деген жыр жолдарында «жаудың арандату, қаңқу сөзіне сенген аңқау кісідей аңырап қалдым», яғни, қазіргі ұғыммен айтсақ, интрига құрбаны болдым деген мағына жатыр. Қайғылы оқиғаға арқау болып тұрған басты сюжет – кейіпкердің аңшылық құрып жүріп, тосыннан қайтыс болуы. Аңшылық көшпелілер тіршілігіндегі маңызды орын алды. Көшпелілер кәсіп, тіршілік көзі және соғысқа дайындық ретінде аңшылықпен айналысқан. Шыңғыс та, оның балалары да осы атақесіпті машық еткен еді. Дала аңыздары Жошының өлімін шындыққа жанасатын оқиға арқылы жеткізуге ұмтылады. Ол көрініс – аң аулау. Бұл сарын фольклорлық шығармаларда, эпостық жырларда, ертегілерде тұрақты кездеседі. Мұсылмандық діни таным бойынша, қаза – ханға да, қарашаға да ортақ. Қазаның қалауына жер бетінде кедергі келтірер күш жоқ. Қазақ арасында бұл таным «әкесі өлгенде де естіреді» деген мәтел сөзбен сақталған. Ал, шексіз билік иесі ханға халық қиялындағы ықпал етер оңтайлы тұс – қаза естірту. Естірту ғұрпы арқылы халық қиялы өзінің билікке тигізер ықпалын да білдіргісі келеді. Ұлы дала аңыздарының ішінде Жошы өлімін естіртудің шоқтығы биік үлгісі – күй. Мұнда

ханға баласының өлімін күй тілімен жеткізіледі. Күйдің сазына қатысты айтылатын аңыз – «Ақсақ құлан-Жошы хан». Басты бір ерекшелігі – әуен сазымен аңыз оқиғасының желісін жеткізу және тағдырдың салғанына көнбей отырған қатал Шыңғысты жырдың немесе күйдің құдіреті арқылы өз шешімін өзіне қарама-қарсы келтіруге мәжбүрлеген өнерпаздың бейнесінің ардақталуы. Халыққа әлемді жаулап алған тағдырдың салғанына көңісі келмейтін қаһарлы өміршінің бейнесі емес, ел басына ауыр сын түскенде (бұл тұста Шыңғыстың Жошы өлімін естіртпеуі туралы жарлығы) тығырықтан шығар жол тапқан қарапайым өнер иесінің (жыршы, күйші) бейнесі ыстық. МЕН АЙТПА-САМ, БІЛМЕЙСІҢ... Алтын Орда дәуірінен сағым жетегіне еріп жеткен аңыздық мұралардың бірі – Өз-Жәнібек хан туралы әңгімелер. Ел аузында Өз-Жәнібек билік құрған кезең ноғай мен қазақтың бірлігі жарасқан «алтын ғасыры» деп аңыздалады. Орта Азияны мекендеген түркі халықтарының тарихында Жәнібек есімді бірнеше кісі хандық құрған. Солардың ішінде ең атақтылары – XIV ғасырда Алтын Орданы билеген Өзбекұлы Жәнібек хан, XV ғасырдың орта шенінде Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Барақұлы Жәнібек және XVI ғасырда Астраханда хандық құрған Кіші-Мұхаммед ханның ұрпағы – Махмұдұлы Жәнібек хан. Ал, «өз» (өзіз) деген құрметті лақақпа ие болған осылардың қайсысы? Тарихи деректер бойынша, Астрахан хандығын билеген, яғни отырықшылыққа (бір қала – бір хан) ден қойған Махмұдұлы Жәнібек – көшпелі Ноғай Ордасымен жауласып өткен хан. Далалық көшпелілерден қолдау болмаған Астрахан хандығын орыс патшалығы жаулап алады. Ал, қазақ ханы Барақұлы Жәнібек тарихи шежірелерде «Кіші Жәнібек» деп аталады. Ол немере ағасы Кереймен бірге қазақ руларын Өзбек

ұлысынан (Жошы ұлысынан) бөліп алып, Шағатай ұлысына (Моғолстанға) кетіп, Қазақ хандығының негізін қалаған. Ал, «Жәнібек» атауының этимологиясын екі түрлі жолмен түсіндіруге болады. Бірі – жаны+бек = Жаныбек, екіншісі – Жаңа+бек = Жаңабек. Біздіңше, «Жаңабек» мұсылмандық түсінікке де, оған дейінгі түркі-моңғолдық танымға да сай келеді. Бұл дүниеге келген адам – жаңа кісі. Мысалы, Шыңғыстың баласы «Жошы» есімінің бір мағынасы «жаңа келген қонақ» дегенді білдіреді. Мұсылмандық түсінікте адам – бұл өмірдің уақытша қонағы. Сондықтан, Жәнібек ханның есімінде «жаңа келген кісі (бек)» деген ұғым белгіленген деп санаған абзал. Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңының кейінгі ықпалы арқылы «жаңа» деген жуан дыбысты алдыңғы бөлік, «бек» деген жіңішке дауысты буынның әсерінен жіңішкеленіп айтылып, сол үлгімен жазылып кеткен. «Жаңабектің» синонимдері қазіргі қазақ есімдерінде «Жаңабай», «Жаңаберген», Жанай (Жаңа+ай), Жанайдар (Жаңа+айдар) сынды есімдерде сақталған. Түптеп келгенде, ал «жаңа» деген сыңарды алып, кісі есімін құрау түркі әлемінде өте көп. Айталық, «Жанмұхаммед» (Жаңа+мұхаммед), «Жансұлтан» (Жаңа+сұлтан), «Жанәбіл» (Жаңа+әбіл), «Жанқабыл» (Жаңа+қабыл). Ел тарихындағы ерекше кезеңнің халық санасында сақталуы фольклорлық шығармалардың көркемдік өлеміне тән. Түркі халықтарының аңыздары үшін Өзбекұлы Жәнібек ханның билігі – ел тарихындағы елеулі кезең, айтулы уақыт. Мұны кезінде заңғар ғалым Мұхтар Әуезов дәл бағамдап, Алтын Орда ханы өз Жәнібектің тұсы түркі жұртының ерекше дәуірі ретінде бағаланатынын жазып, оның ғылыми негіздемесіне де сипаттама берген болатын: «...Көп жұрттың ескілікті әңгімелері белгілі бір хан мен патшаның айналасына жиналады. Кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеліп жиып қояды. Орыс жұртының батырлар ескілігінің барлығы «қызыл күндей Владимирдің» айналасына жиналған сияқты. Араб жұртының ескіліктегі әңгіме ертегісінің Арон Рашит айналасына жиналғаны сияқты. Бергі заманда көп елдікке бөлінген түркі жұрттарының сондай дәуірі Алтын Орданың кезі болады. Өзге елдерден іргесін бөлек қылып алып шыққанда қазақ ескілігінің көбі өз Жәнібек ханның тұсында болады. Міне, осы сияқты жалпы тарих шеңберінен бөлініп, үзіліп шыққан бір мезгіл. Өзінің тұсында бұрынғы-соңғы замандардан болған ірі уақиғаларды, ірі батыр-бағыландарды түгелімен жинап алатын болады. Оны жинайтын ел қиялы.» Мәшһүр ғалымның сипаттап отырғаны – фольклордағы тұтастану құбылысы. Тұтастану құбылысы белгілі бір дәуірлерге немесе атақты тұлғалардың жанына халықтың сүйікті кейіпкерлерін, белгілі тарихи оқиғаларды жинайды. Осы құбылыстың қазақ жыр-аңыздарындағы анық көрінісі – өз Жәнібекке қатысты әңгімелер. Түркілік жыр-аңыздарда өз Жәнібек билеген тұс – айрықша кезең. Сол ортақ кезеңнен қазақ аңыздары да «өз үлесін» алған. Сөйтіп, ел қиялындағы өз Жәнібек бейнесіне Астрахан қаласын орысқа алдырған Махмұдұлы Жәнібектің, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Барақұлы Жәнібектің іс-әрекеті кірігіп, бірігіп, тарихтың әр кезеңінде өмір сүрген екі тұлға бір кісіге айналған. Демек аңыздағы өз Жәнібек – Жошы ұлысында әр дәуірде билік құрған, белгілі бір тарихи оқиғаларға қатыстылығы арқылы ел есінде сақталған хандардың жиынтық (типтік) бейнесі. Жиынтық бейне сомдау – фольклордың басты белгілерінің бірі. Түйіндей келгенде, Жошы ұлысы тұсында туындаған фольклорлық мұралар тарихи тамырластық өзегінен айырылмай ғасырдан ғасырға ұласып, Қазақ Ордасы тұсында жаңаша мазмұнмен, таным-түсініктермен байытылған бай көмбе мұра. Ол халықтың асыл қазынасы ретінде алдағы уақытта да ғасырлар көшінің керуенінен қалмайтыны анық.



Алмасбек ӘБСАДЫҚ,  
филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры.



## ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ІРГЕСІ ҚАЛАНҒАНЫНА - 800 ЖЫЛ!

Жошы – 1179 жылы Темужиннің (болашақ Шыңғысхан) отбасында дүниеге келген тұңғыш ұлы. Бұл уақыт моңғол даласы руаралық тартыстарға толы саяси бақталастықты бастан кешіп жатқан кез еді. Сондықтан ат жалын тартып мінген жас Жошы да әке билігін нығайтуда өз еңбегін сіңірді. Ол бала кезінен түркі - моңғол халықтарына тән әдетпен ат құлағында ойнап, садақ тартып, белдесуді машық қылады. Шағатаймен (інісі) сөзге келіп қалғанда Жошының «Қаталдығыңнан басқа сенің менен қай жерің артық? Егер садақ тартып сенен жеңілсем, қолым сынсын, күресіп сенен жығылсам, жығылған орнымнан қайтып тұрмайын» деп сөйлеуі – осының дәлелі. 1206 жылы Онон өзені бойында өткен құрылтайда Моңғол мемлекеті құрылғаны жарияланып, Темужин «Шыңғысхан» деген есіммен таққа отырады. 1207 жылы Шыңғысхан Жошыны «орман елін» жаулауға аттандырады. Жорықтан жеңіспен оралған оған әкесі жаулап алған елінің билігін қалдырады. Тарихшы З.Қинаятұлы атап көрсеткендей, Жошы хан моңғол әскерінің батыс жорықтарында Жебе, Сүбедей батырлармен бірге үнемі алда болады. 1216 жылы меркіттерді қуалап барған Жошы мен Сүбедей бастаған моңғол жасағы Торғай даласында (кейбір көзқарасша Ырғыз бойында) Хорезмшахтың әскерімен кез келеді. Саны жағынан өзінен үш есе көп хорезмдік әскерге сескенбей шабуыл жасаған моңғолдар Мұхаммед Хорезмшахтың өзін қолға түсіре жаздайды. Тек бұл қатерден оның баласы Жалаладинның жанкештілік әрекеті құтқарып қалады әрі Жалаладин Хорезм әскеріне төнген қиын жағдайды түзеіп, моңғол әскерінің екпінін басады. Түнгі тыныштықты пайдаланған Жошы мен Сүбедей әскерін кері алып кетеді. Шыңғысханның Хорезмшахқа қарсы негізгі әскери жорығы 1219 жылы басталады. Бұл соғыс тұтастай 6 жыл уақытқа созылып, Хорезм мемлекетінің толық күйреуімен әрі Мұхаммед шахтың құсадан өлуімен аяқталады. Бұл әскери жорық барысында моңғол әскері Хорезмшах жеріне екі тараптан, яғни бірі – Шыңғысханның өзі бастаған негізгі қол Жетісу, Шу -Талас арқылы келіп қилікесе, Жошы, Жебе мен Сүбедейдің басшылығындағы екінші қол Ферғана жағынан басып кіреді. Екінші жасақ жол бойындағы кезіккен әскерлерді талқандап, елді мекендерді от пен күлге айналдыра отырып, 1219 жылдың қыркүйек айында Отырар түбінде негізгі қолға қосылады. Шыңғысхан Отырарды алуды Шағатай мен Үгедейге жүктеп, Жошыны батыс бағытқа жібереді. Жошы әскері Сығанақ қаласын алады, одан әрі Сырдың төменгі ағысындағы Жент, Баршынкент, Асанас, Жанкент секілді қалаларды бірін соғыспен басып алса, бірін бейбіт түрде өзіне қаратады. Хорезмдік даңқты қолбасы Темір Мәлік осы жорықта Жошының әскерімен қақтығысып, үнемі қиындықтар тудырып отырды. Өзіне тапсырған міндетті сәтті аяқтаған Жошы 1220 жылы Самарқанд түбінде негізгі қолға келіп қосылады. Самарқанд алынғаннан кейін, Жошы Хорезмшах Жошыны Шағатай мен Үгедейге қосып, Үргеніш қаласын алуға аттандырады. Осы Үргенішті алуға Жошы мен Шағатай арасында келіспеушілік орын алады. Осы себепті Шыңғысхан қолбасылықты Үгедейге тапсырады. Әбілғазының жазуынша, Шыңғысханның бұл шешімі Жошының әкесіне деген ренішін туғызып, кері қайтып кетуіне себепші болады. Үргеніштің алынуымен 1221 жылы Жошы үшін Хорезм жорығы аяқталады. Ол Ертіс бойындағы өзінің орда-

сына ат басын бұрады. Бұл уақытта моңғол әскерінің дені әлі жорықта болатын. Жоғарыда жазғанымыздай, бұл әскери жорық алты жылға созылып, тек 1224 жылы ғана аяқталады. Шыңғысханның ұлдарының арасында Жошының әскери қабілеті жоғары екені бірден байқалады, өйткені ол қашанда әскердің авангардынан табылады. Әрі төрт ұлына жүктеген әскери тапсырмалардың арасында Жошы бастаған жасақ қашанда жеңіске жетіп, олжалы оралып жүрді. Бұған, бір жағы, Жошының

жылнамаларының өзінде Алтын Орда, негізінен, «Орда» атымен келген. Шығыс жазбаларында Көк Орда, Ұлыс (Тоқта ұлысы, Өзбек ұлысы және т. б.), Дешті-Қыпшақ болып кете береді. Жошыға оралатын болсақ, Шыңғысхан 1224 жылы Хорезм жорығынан қайтып келе жатып, Құланбасыда өткен құрылтайда, жаулап алған жерлерін ұлдарына бөліп береді. Осы жиында Жошыға Ертістен бастап батысқа қарайғы (Еділге дейінгі) жерлер бұйырады. Бұл тұста тарихшы Қ.Өскенбайдың «Жошы

шабарман жібереді. Дешті-Қыпшақтан құландарды қуып келуін және өзін де аң аулауға шақырады. Жошы хан, сірә, келмесе керек, Жувейни бұл туралы үнсіз қалады. Тек Шағатай мен Үгедейдің Қаракөлге келіп құс аулап, апта сайын Шыңғысханға аққу артқан елу қом түйелерді жіберіп тұрғанын хабарлайды. Көктем шыққанда, яғни 1224 жылы Шыңғысхан Моңғолияға қайтар алдында жиылыс құрып, ұлдары бас қосады. Бұл құрылтайға Жошы хан келмейді. Жувейни Шыңғыс хан тек

көшпелілер өмірінде мұндай оқиға жетерлік. Халық аңыздары да Шыңғысхан мен Жошы арасындағы болған күрделі қайттарды баяндайды. Халыққа кеңінен танымалы – «Ақсақ құлан» күйі. Жошының кесенесі тұрған Ұлытау өңірінде қариялар арасында бертінде дейін ауызекі өлең жолдары сақталып келді. Тек бұл өлеңде Шыңғысхан атын Алашахан алмастырған. Мысалы: «Алашахан Жошыхан. Жошыхан неден жошыған. Құлан теуіп өлтірген. Нанбаймысың осыған» деп келетін өлең жолдары (бұл өлең жолдарын 1997 жылы Ұлытауда экспедиция барысында жинақтап алған болатынбыз). Құлан теуіп өлтіріп, содан «бір қолы жоқ» немесе «екі саусағы ғана қалыпты» деген аңыз халық арасында кең тараған. Бұл жөнінде Ұлытау ескерткіштерін (1946-1947 жж.) зерттеген архитекторлар Г.Герасимов, М.Левинсон, Т.Бәсеновтер растайды. Академик Ә.Марғұлан 1946 жылы Жошы кесенесінде қазба жұмыстарын жүргізгенде мәйіттің (Жошының) бір жақ қолының тұтас жоқ екенін жазған. 1997 жылы Жошы хан кесенесінің іші қайта қазылған болатын (осы мақала авторы да қатысқан. ЖАЭ-97. Жетекшісі – Ж.Смаилов). Қабір ішінен ағаш табыттың қалдықтары және түйенің бас сүйегі кездесті. Мәйіттің (Жошының) бас сүйегі орнында болмай шықты. Соңынан анықталғандай, бас сүйекті зерттеу мақсатында археолог Ә.Марғұлан алып кетіпті. Бұл бас сүйек археолог Ж.Смаиловтың іздеуімен Алматы қаласындағы Орталық музейдің қорынан табылып, 2012 жылы (66 жылдан кейін) қайта орнына қойылды. Жошы ханның осы кесене ішінде жерленуі де тарихшылар арасында даулы мәселе, өйткені Жошы ханды жерлеу рәсімі ел билеушілерін жерлеуде орын алатын далалық дәстүрмен жөнелтілген анық. Ал бұл кесене – ислам мәнерінде орнатылған және уақыт өте келе тұрғызылған тарихи ескерткіш. Ұлытауда Жошы ұлысы кезеңінің мазарлары көптеп кездеседі. Олар жеке дара, екеуден, әрі кетсе бесеуден тұрады. Солардың арасында Жошы хан кесенесі өзінің топтала, кешенді түрде орнала-суымен ерекшеленеді. Кешен екі тұрғын үйден («Үлкен үй», «Кіші үй»), кірпіш күйдіруге арналған пеш орны және ортағасырлық мазар құрылыстарынан тұрады. Жошы хан кесенесінің маңында ортағасырлық 24 мазар қирандылары жатыр. Осыншама ескерткіштің топтала орнала-суы Жошы кесенесі әулеттік қорымның ұйытқысы екенін дәлелдейді. Жалпы, Жошы хан және оның ұлысының қазақ тарихында алар орны ерекше. Болашақ қазақ хандығын құрушы билеушілер осы Жошы әулетінен шықты. Керей мен Жәнібек хандар Жошының үлкен ұлы (Ақ Орда билеушісі) Орда Еженнен тарайды. Шыңғысхан империясы төрт ұлысқа бөлінсе, соның үшеуі (Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстары) қазақ жерін қамтыды. Керей мен Жәнібек ұрпақтары осы үш ұлыстың құрамында кеткен ел мен жерді бір тудың астына біріктіріп, қазақ мемлекетінің негізін қалады. Алашорда көсемі (түп бабасы Жошы хан) Ә.Бөкейхановтың «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген қанатты сөзінің бір тамыры осы тарих қойнауында жатыр.

Орынбай ОШАНОВ,  
археолог.

Астана ақшамынан алынды, 6 алаш ұсынады.  
Келу қайнары: [The arqau.kz webpage](https://arqau.kz/webpage). Address: <https://arqau.kz/kz/article/joshi-xan-jane-onin-ulisi.html#gsc.tab=0>

## ЖОШЫ ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛЫСЫ



үнемі Жебе мен Сүбедей секілді даңқты қолбасшылармен бірге журуінің де себебі тигені анық. Кейде тәжірибелі қолбасшылардың кеңестері мен жоспары билік тарапынан мақұлданбай, дәрменсіз қалатын кездер тарихта жетерлік. Дегенмен мұндай жағдай Жошы тарапынан кездеспейді. Соған қарағанда Жошы «менмендікке» бармай, барлығын ақылға салып, қолбасшыларымен кеңесіп шешетін сабыр иесі болғанға ұқсайды. Шыңғысханның ұлдары әкелерінің көзі тірісінде - ақ бір-бірімен жиі келіспей қалатын болған. Бұл, әсіресе, Жошы мен Шағатайдың өзара қарым-қатынасынан анық көрінеді. Үгедей бұл жағдайда үнемі Шағатай жағында жүрді. Осы екі топқа бөлінген алауыздық Шыңғысханның немерелері кезінде ашық орын алады. Мысалға, Батудың ұлы тақ иесі – Кү-йік хан өлгеннен кейін (1248 ж.) мұрагерлікке талас туындағанда, 1251 жылы Еділ бойына, алдына келген Төленің ұлы Мөңкені қолдап шығады. Осы жолы Бату хан, інісі Берке бастаған қалың қолды (60 мың) арнайы аттандырып, Мөңкені Шыңғысханның тағына отырғызады. Төбелерінен жай түскендей болған Шағатай мен Үгедей ұрпақтары жұмған ауыздарын аша алмай қалады. Бірқатары өлім жазасына кесіледі. Батудың бұл ісі, былайша айтқанда, моңғол жеріне, оның үстіне Шыңғысханның ордасына Дешті-Қыпшақ (бүгінгі қазақ) даласынан құралған әскердің ат тұяғын тіреуі әрі сес көрсетіп Мөңкені таққа отырғызуы – үлкен саяси қадам. Бұл – бүгінде Алтын Орданың құрылғанын 1269 жылғы Талас құрылтайынан бастап жүрген тарихшыларымыздың пікірінің жаңсақ екенінің бір дәлелі. Яғни Бату хан өз ұлысының іс жүзінде орталық моңғол билігінен тәуелсіз екендігін алғаш рет (1251 ж.) осы ісімен көрсетеді. Мөңкенің Батуға келуі «Ұлы князь» мансабын алу үшін сарайға келетін орыс князьдерінің қадамдарымен бірдей болды. Алтын Орда – Жошы ұлысының тарихи жалғастығы. Бұл атау тек кейінірек (1566 ж.) пайда болып, XIX ғасырда тарих ғылымында қалыптасып кеткен. Орыс

ұлысының шекарасы оның ұлдарының кезінде ғана толық аяқталды» деген тұжырымы дұрыс. Жетісу, Шу-Талас және Сырдың орта ағысы Орта Азия жерімен қоса Шағатайға тиесілі болады. Тарихи деректерде Жошының орда тіккен жері ретінде екі жер айтылады, соның бірі – Ертіс бойы, сірә, Шыңғыстау қойнауы болса керек. Ал екінші жер – өзінің кесенесі тұрған Ұлытау даласы. Бұл жөнінде Өтеміс қажы жазып кеткен. Ұлытау «хан қорығы» болды. Бұл жерде Бату таққа отырған, тек Еуропа жорықтарынан кейін Еділ бойына өзінің ордасын көшіреді. Содан кейін Ұлытау мен Ертіс бойы Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің еншісінде қалады. Бату құрған мемлекет тарих ғылымында Алтын Орда деген атпен белгілі. Араб-парсы жылнамалары бойынша Алтын Орда өз ішінде Көк және Ақ Орда деген екі бөлікпен тұрды. Ақ Орданы Орда Еженнің ұрпақтары биледі әрі Көк Орданың билігіне мойынұсынды. 1582 жылы шибани Абдоллах ханның жорығы туралы жылнамада Ұлытау «Саин ханның тағы» деп айтылады. Жазба деректерден «Саин хан» Батудың лақап аты екені белгілі. Ортағасырлық жазба деректер мен халық аңыздарында кең тараған жайттың бірі – Шыңғысхан мен Жошының арақатынасы. Шынында да, Хорезм жорығынан оралғаннан кейін әке мен бала арасында түсініксіз жайттар орын ала бастайды. Мұның соңы Жошының жұмбақ өліміне алып келеді. Мысалы, жылнамашы Жувейни «Жошының ойында әкесіне деген қарсылық пайда болды. Тіпті Хорезмшахпен келісімге келіп, әкесін жазым етуді де ойлады. Оның бұл ойын Шағатай біліп қойып, әкесіне жеткізді. Сондықтан Шыңғысхан оны өлтіру үшін арнайы адамдарын жіберді» деп жазады. Әрине, бұл дерекпен түгелдей келісуге болмас, оның үстіне Жошының Хорезмшахпен келісімге келуі екіталай еді. Біздің меңзеп отырғанымыз – Жувейнидің қалай болса да Жошы ханның өз ажалынан өлмегенін көрсетуі. Жылнамашы Жувейнидің жазуынша, 1223 жылдың қысында Шыңғысхан Самарқандтың төңірегінде болып, Жошы ханға

Құланбасы бойына келгенде ғана Жошының келіп, 20 000 шымқай сұр аттарды сыйға тартқанын жазады (кейбір тарихшылар Жошының бұл жиынға да келмегенін алға тартады). Дегенмен Жувейни Жошының өлімі туралы ешқандай дерек келтірмейді. Керісінше, Рашид-ад Диннің «Жылнамалар жинағында» Жошының өлімі нақты баяндалып жазылады. Рашид-ад Диннің дерегі бойынша, осы кезде Жошы жұртынан маңғыт руының бір кісісі Шыңғысханға келеді. Шыңғысхан одан Жошының жағдайын сұрайды. Ол Жошының есен-сау, елінде аң аулап жүргенін жеткізеді. Шын мәнінде, Жошы өзі сырқат болғандықтан, аңға тек уәзірлерін жібереді. Маңғыт жолаушысы көпшілікті көріп, Жошының өзі деп, көргенін Шыңғысханға жаңсақ жеткізген. Мұны естіген, яғни жалған хабар Шыңғысханның қаһарын туғызады. Әскерге бұйрық беріп, жорыққа дайындала бастайды. Авангард ретінде Шағатай мен Үгедейдің жасағын аттандырады. Соңын ала қалған әскерімен өзі аттанбақшы болып жатқанда, Жошының өлімі туралы хабар жетеді. Міне, ортағасырлық жазба деректері бізге әке мен бала арасындағы осындай жұмбақ жайттарды жеткізеді. Тарихшылардың зерттеуінде Жошының өлген жылына байланысты бірауыздылық жоқ. Олардың пікірінше, 1225-1227 жылдар аралығы көрсетіледі. Жалпы, аң аулап жүріп өлімге ұшырау оқиғасы тек Жошы ханға байланысты емес. Тарихта мұндай жайттар аз кездеспейді. Көшпелілер өмірінде аңшылықта жүріп, қас адамын немесе саяси бәсекелесті жазым ету – кеңінен қолданылған тәсіл. Сондықтан мұндай сәтті ол уақыттарда ұтымды пайдаланды десек қателеспейміз. Мысалға, Ғұн төңірікүті Мөде әкесі Түменді аңда жүргенде өлтіреді. Оғыз ханның әкесі Қара хан да ұлынан сезіктеніп, оны аңда өлтірмекші болады. Бірақ Оғыз біліп қалып, Қара ханмен ұрыс даласында кездеседі. Соғыс үстінде Қара хан қазаға ұшырайды. «Қорқыт ата кітабында» Дерсе хан қырық нөкерінің араңдатуымен ұлы Бұқашты аң аулап жүріп садақпен атып жығады. Тізе берсек,



# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ!



3) Жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды өңдеу жөніндегі өндіріс объектілеріне;

4) Жануарлар мен шикізаттарды сақтау және өткізу объектілеріне;

5) Ветеринариялық препараттар мен жем-шөпті сақтау және өткізу жөніндегі мекемеге;

6) Ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру, сақтау және өткізу мекемесіне;

7) Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу мекемесіне беріледі.

Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, мамандандырылған фермаларда (кешендерде, құс фабрикаларында), бордақылау алаңдарына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптары:

1. Өндіріс объектісін салуға арналған жер телімі биік, тегіс, құрғақ, тасқын су мен нөсер жаңбыр суының астында қалмайтын және желдің бағытын ескере отырып қорғалған жерді таңдайды.

2. Жаңа өндіріс объектілерін салуға арналған жер телімі бұрынғы мал шаруашылығы қора-жайларының, мал қорымдарының, көң қоймаларының және ет өңдейтін кәсіпорындардың орнынан таңдауға жол берілмейді.

3. Өндіріс объектілерінің аумағын елді мекендерден санитариялық-қорғау аймағымен бөледі. Адамдар мен жануарлардың бақылаусыз өтіп кетуіне тосқауыл қою үшін өндіріс объектісінің аумағы биіктігі кемінде 2 метр қоршаумен қоршалыды, ал жол жүру бөлігі қатты су өтпейтін жол-құрылыс материалымен жабылады.

4. Өндіріс объектісінің аумағында ғимараттар мен құрылыстарды орналастыру функционалды аймақтау қағидаты бойынша жүзеге асырылады, әрбір аймаққа технологиялық үдерістің ортақтығымен біріктірілген құрылыстар орналастырылады.

5. Өндіріс объектісінің аумағы өндірістік немесе негізгі мақсаттағы аймақ- негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған, төлдерді және мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім, жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы, қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок, өкімшілік-шаруашылық, жемшөп сақтау, көнді сақтауға арналған оқшауланған орны аймақтарына бөлінеді.

6. Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің қозғалғыш бөлігін зарарсыздандыруға арналған дезинфекциялық тосқауыл орнатылады. Дезинфекциялық тосқауылдың үстіне екі жағынан қабырғалармен жабылған қалқа орнатылады. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады (қыс кезеңінде жылытуды қамтамасыз етеді немесе төменгі температураларда қатпайтын ерітінділер қосылады).

7. Көң сақтайтын орынды өндірістік

ғимараттардың желден ық жағында өткізілетін аумағының сыртында кемінде 60 м қашықтықта орналастырады.

8. Өндіріс объектісінің кіреберісінің жақын маңына өндіріс объектісі мамандарының көліктерін қоюға арналған алаң жасайды.

9. Технологиялық үдерісті қамтамасыз ету және өндірістік аймақта қызмет көрсету үшін өндіріс объектісінің ішінде қолданылатын арнайы көлік бөлінеді.

10. Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамына жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар, қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелдері, басқыштары мен таразысы бар жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қоршалар, бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көнді және сұйық көнді сақтауға арналған алаңша кіреді.

11. Карантиндік бөлім және оқшаулағышты бірыңғай блок-та орналастырғанда, олардың арасында тамбур жабдықталады, онда жұмысшылардың арнайы киімдеріне арналған шакафтар, қолжұғыш, дезинфекциялық ерітінділер бар ыдыстар, аяқкиімдерді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніштер орнатылады.

12. Мал қора-жайларының едендері, қабырғалары, оттықтары, сұйық көң жинағыштары мен басқа жабдықтары дезинфекция жасауға ыңғайлы материалдардан жасалады.

13. Мал шаруашылығы қора-жайларында ағаштан жасалған оттықтар, астаулар және басқа жабдықтардың пайдалануына жол берілмейді.

14. Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашаларды көңнен тазартып отырады.

15. Әрбір мал шаруашылығы қора-жайларының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтардың, жемшөп, астық сақтайтын қоймалардың, және басқа объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктері жабайы құстардың ұшып кірмеуі үшін торлы рамалармен жабдықталады.

16. Өндіріс объектілерінің жұмысын жабық үлгідегі кәсіпорындар қағидаты бойынша ұйымдастырады. Өндіріс объектісінің аумағына бөгде адамдардың, сондай-ақ өндіріс объектісіне тікелей қызмет көрсетумен байланысты емес кез келген көлік түрінің кіруіне жол берілмейді.

17. Өндірістік объектілерге кіреберістері әкімшілік-шаруашылық және өндірістік аймақтар қоршауының бойынша қызмет көрсетуші персонал мен келіп-кетушілер үшін санитариялық өткізгішпен жабдықтайды.

18. Оқшауланған қора-жайлар (секциялар) арасына 15 сантиметр тереңдікте дезинфекциялық ерітіндімен толтырылған дезинфекциялық астаушалар орнатылады.

Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері:

1) стационарлық дезинфекциялық жуу пунктін немесе жануарларды союға әкелетін автокөлікті жууға және дезинфекциялауға арналған алаңдармен

немесе автокөлікке арналған дезинфекциялаушы тосқауылмен;

2) ветеринар мамандар үшін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты бақылауға және ветеринариялық-санитариялық сараптауға арналған жабдықтары бар үй-жайлармен;

3) жануарларды орналастыруға арналған орындармен, жануарларды ветеринариялық қарап тексеруге арналған өткелдермен;

4) санитариялық қасапханамен (кәдімгі өндірістік цехтардағыдай, бірақ мөлшері едәуір шағын, ет пен субөнімдерді стерильдеуге арналған бөлімшесі бар үй-жаймен) немесе ауру немесе әлсіз жануарларды оқшаулап өңдеуге арналған санитариялық камерамен (ғимарат ішінде орналасқан бөлек үй-жаймен);

5) карантинге арналған үй-жайлармен (байқау және қажет болған жағдайда диагностикалық зерттеу мақсатында жануарлар басқа жануарлармен араластырылмай (тікелей немесе жанама) оқшау ұсталатын орындарымен) және оқшаулағышпен (ауру жануарларды орналастыру үшін мал сою объектісінің аумағында оқшауланған үй-жаймен);

6) ет пен сойылған өнімдер өңделгенге дейін олардың уақытша сақтауға арналған оқшауланған тоңазытқыш камералармен;

7) сарқынды суды жинауға арналған бетондалған шұңқырмен (септикпен) және зарарсыздандыруға арналған құрылыстармен;

8) жануарларды союдың алдында ұстауға арналған ғимараттармен (қалқалармен) (сойылатын жануарларды қабылдау, орналастыру, ветеринариялық тексеру, сұрыптау және сойылатын жануарларды тынықтыру үшін жануарларды сою объектісінің аумағындағы оңашаланған үй-жаймен (алаңмен));

9) тұрмыстық үй-жайлармен және киімді санитариялық өңдеуге арналған дезинфекциялау камерасымен;

10) көң мен қан-жынды жинауға және уақытша сақтауға арналған алаңмен жабдықталады.

Жануарлар мен құстардың жұқпалы аурулары бойынша саламатты, міндетті бірдейлендіруден өткен және ветеринариялық құжаттары бар жануарлар мен құстар ғана союға қабылданады. Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру қызметті алушы көрсетілген қызметті берушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Құжаттар топтамасын тапсырудың ең ұзақ уақыты 30 минут. Ветеринариялық сертификат электронды нысанда рәсімделеді.

Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру. Қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап немесе порталға жүгінген кезде орын ауыстыратын объектіге транзит алып өтуге 30 жұмыс күні, тірі жануарларды карантиннен өтуіне күнтізбелік 60 күн ішінде, транзиттік келісім, қажетті рұқсаттарды қоспағанда 4 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Құжаттар топтамасын тапсыру, көрсетілген қызмет нәтижесін алудың ең ұзақ мерзімі 15 минут. Рұқсатты Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау қадағалау комитеті береді.

**Құрметті аудан тұрғындары,**

Сіздер тұрақты түрде мал шаруашылығында мал басын көбейтумен айналысудасыздар. Жоғарыда көрсетілген талаптардың Сіздер мен біздер үшін өте маңызды, ұйымдастыру шаруашылық шаралары ретінде бұл қағидаттар Сіздердің малдарыңыздың эпизоотиялық тұрақтылық кепілінің негіздемесі ретінде қаралады және ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін өтініш берер кезінде өндіріс объектілерін жоғарыда айтылған талаптармен сәйкестендіру сұралады. ҚРАШМ ВБЖҚ Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, сонымен қатар барлық қызмет алушыларға ыңғайлы үнемі жағдай жасау болып табылады.

Сұрақтар туындаған жағдайда, қосымша ақпарат алу үшін 2-01-73, 2-00-33 нөмірлеріне хабарласуға болады.

**Ж.РАХИМОВ,**  
**ҚР АШМ ВБЖҚ Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, ветеринариялық-санитариялық инспекторы.**

Қандай да бір қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында мемлекеттік қызметтің алатын орны ерекше.

Мемлекеттік қызметшілер – билік пен қарапайым бұқара халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Елбасының: «Алда тұрған мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау азаматтардың құқықтарын құрметтейтіндей және олардың заңды мүдделеріне қызмет ететіндей мөлдір де тиімді модельді қалыптастырады. Мемлекеттік қызмет меритократия қағидаты негізінде барлық азаматтарға өз қабілеттерін жүзеге асыру үшін бірдей мүмкіндіктер берілетін әділ қазақстандық қоғамның түп бейнесіне айналады» дегені аталмыш реформаның мемлекеттік қызметшілердің келешегі үшін жасалып отырған қадам екенін білдіреді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жеке-кеше түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады өмір сапасы болып табылады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі.

2013 жылдың 15 сәуір күні «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды.

Мемлекеттік қызметтер бойынша жаңа көзқарастарды қалыптастырып, негізінен қызмет алушы және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген қызмет сапасымен қанағат тұтпайтыны, шағымдар болатынына байланысты, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Заңда көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлеріне шағым беру тәртібіне қатысты нормалар енгізілген.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып өкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

**ҚР АШМ ВБЖҚ Ақсу аудандық аумақтық инспекциясы, аудан тұрғындарына 3 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Мемлекеттік қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.**

**1. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкімет-порталы" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.**

**Ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін керек құжат топтамалары:**

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (электронды түрде);

2) меншік құқығында тиісті үй-жайлардың бар екенін немесе жалдау шарты құқығында тиісті үй-жайлардың бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

4) ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісіне ақы төленгенін растайтын құжат.

5) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін);

Тиісті құжаттар топамасы талапқа сай сәйкестігі болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына және оның ішінде 7-ші қосымшасында көрсетілген «мемлекеттік қызмет» көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес уәжді бас тартылады. Қазақстан Республикасы Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73,74 баптарын негізге алып жеке және заңды тұлғаға шақырту жолданып, тыңдалым өткізіліп, хаттама толтырылады. Бұл жұмыс өтініш иесінің тікелей қатысуы арқылы, және де ZOOM бағдарламасы арқылы да жүргізіледі.

**Ветеринариялық - санитариялық қорытынды келесі:**

1) Жануарлар мен құстарды өсіру және өткізу жөніндегі өндіріс объектілеріне;

2) Жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды дайындау, өткізу жөніндегі өндіріс объектілеріне;



# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ



«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақсу ауданы тұрғындары мен жастар арасында ақпараттық – түсіндіру шараларын ұйымдастыру» іс шаралары 2023 жылы қараша желтоқсан айларында Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен І.Жансүгіров, Ақсу, Қапал, Қызылагаш Сағабүйен ауылдарында Тіл жанашырларының қатысуымен кездесулер, дөңгелек үстел, семинарлар өткізіліп, мектеп оқушылар ортасында «Ана тілің арың бұл» өлең оқу онлайн байқауы, «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» атты тақырыпта шығарма байқауы өткізілді.

Жобадан әр тақырыпқа сай тапсырмалар жүйелі орнын тапты. Жобалардағы тақырып тапсырмасын орындау біз үшін қиын болған жоқ. Кездесулер өткізу 4 - рет, 1 - семинар, 3 - дөңгелек үстел өткізіліп, іс - шаралар техникалық талаптарға сай индикаторлар саны артығымен қамтылды.

«Тілім барда айтылар сыр ойдағы» шығарма байқауы «Ана тілің - арың бұл» бейнеролик байқауы 2 - байқау ауданаралық өткізіліп, жеңімпаздар I - II - III орындар, ақшамен және дипломдармен марапатталып, жалпы қатысушыларға ын-талы сыйлықтар ақшалай берілді.

Банер шығару және А3 форматтағы плакат 30 дана шығарылып, тапсырыс берушіге тапсырылды.

Өткізілген іс - шаралар туралы арнайы пресс-релиздер дайындалып, танымал әлеуметтік желілерде, баспа басылым беттерінде, жарияланды (аталған сілтемелер, ай сайын тапсырыс берушіге жолданылды).

Іс - шараларды өткізу үшін білікті мамандар тартылды.

Күтілетін нәтижелерге, техникалық ерекшеліктегі деректерге сүйене отырып, сондай-ақ, іс - шарада кері байланыстар болды. Қатысушы тұрғындар, жастар өткізілген іс - шараларды жоғарғы деңгейде бағалады. Осыған орай, Ақсу ауданының Ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне, Ақсу ауданы білім бөлім басшылығына колледж, мектептер әкімшілігіне және ауылдық әкімдерге іс - шаралардың жоғарғы деңгейде өткізілуіне атсалысқандары үшін алғысымыз шексіз.

**Бақыт ҚАЛИЕВА,**  
«Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі» төрағасы.



## 2024 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БАСТАП ОТАНДАСТАРЫМЫЗҒА БЖЗҚ - ДАН БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ МӨЛШЕРІ ҰЛҒАЙДЫ

төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - ТКД) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2024 жылғы ТКД - 43 407 теңге). Осылайша, жыл басынан бері БЖЗҚ-дан берілетін ең төменгі төлем мөлшері 30 384,9 теңгені (70% \* 43 407 теңге) құрады.

Бұдан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайтылып отырады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жүзеге асырылған күндегі

зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға Қордан бір рет біржола төленеді (2024 жылы біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері 694 236 теңге = 12 \* 57 853 теңге).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемдері оларға зейнетақы төлемдерін тағайындау сәтінде қолданыста болған әдістеме бойынша есептеледі: жылдық зейнетақы төлемінің сомасы есептеліп, ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінің ең жоғары көрсеткішінен (2024 жылы: 1 735 590 теңге = 30 \* 57 853 теңге) және зейнетақы жинақтары сомасының алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген шамадан аспайды.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

**Мәди БАЙДҮЙСЕН,**  
«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.

### ● МАМАН КЕҢЕСТЕРІ

## ҚҰТЫРУ - ҚАУІПТІ АУРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ!

## АБАЙЛАҢЫЗ ҚҰТЫРУ АУРУЫ

Құтыру — жануарлардың орталық жүйке жүйесі қызметінің бұзылуымен сипатталатын жұқпалы вирустық ауру. Иттің, мысықтың, түлкінің, қасқырдың, шибөрілердің тістеуінен пайда болады және барлық жылы қанды үй және жабайы жануарлар, сонымен бірге адам да ауырады. Ит тектестер, сусар тектестер, жарқанат, кемірушілердің көптеген түрлері де аса бейім. Бұлардан адам мен төрт түлік малдың бейімділігі төмен, ал құстардың бейімділігі өте төмен. Жас жануарлар ересектерінен гөрі құтырық вирусына сезімтал келеді. Құтырық табиғи ошақты жұқпалы аурулардың қатарына жатады.



Құтырудың негізгі белгілері:

- Жануар бір түрлі күйде болады, кейде сұлық жатады, мазасызданады, ашуланшақ болады;
- Аузы көбіктенеді — су ішу-ден, жем - шөптен бас тартады.
- Жанына жолаған кезде шабуыл жасайды. Итте агрессия болып қауып, тістеуі мүмкін.
- Жүйесіз қозғалыста болып, кейіннен аяқтары салданады;
- Сиырда мөңіреген дауыс шығарып, аяқтарымен жер тартып, алдындағы кедергілерге соғылады.
- 5 - 6 күннің аралығында өледі.

Егер де сіздердің ауыл шаруашылық жануарларыңызда жоғарыда көрсетілген клиникалық белгілер орын алып, сонымен қатар күдікті жағдай қалыптасқан болса, жергілікті округтегі ветеринариялық мамандарға уақытылы хабардар етулеріңіз қажет.

Дауалау және күресу шаралары. Құтырықтың алдын алу кешенді түрде жүргізіледі. Округтерде, елді мекендердегі ит мысықтар санының ретке келтірілуі, олардың есепке алынуы, сонымен қатар құтырық ауруына қарсы екпе (вакцинация) жұмыстар сапалы жүргізілуі. Иесіз

ит пен мысықтардың жойылуы, қолдағы иттердің үнемі байлауда болуы, сонымен қатар түлкінің, қасқырдың, шибөрілердің, жойылуы - құтырықты болдырмаудың негізгі жолдары.

**Құрметті аудан тұрғындары!**  
Егер ауру жануармен қатынаста болған адам уақытында емдеу мекемесіне қаралмай және қажетті алдын алу екіпелерін алмаса, онда біраз уақыттан кейін (екі аптадан алты, не одан көп айға дейін) ауру пайда болуы мүмкін, нәтижесі өлімге әкелуі мүмкін. Егер үй немесе белгісіз жануарлармен тістелу, сілекейлену, тырнау жағдайлары орын алса, міндетті түрде емдеу мекемесіне қаралыңыздар.

Сіздерге ол жерде арнайы көмек көрсетіліп, екпе тағайындалады.

Жайылымда жүрген немесе қора жайда малдарыңызды жабайы немесе үй жануарлары тістегенін көріп, естіп жатсаңыздар дереу малды оқшаулап ұстап, жергілікті ветеринариялық пункт мамандарына хабарласуды сұраймыз. Осы айтылған талаптарын орындау ауданның ветеринария қызметіне жәрдем көрсету және құтыру ауруынан эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

**Ж.РАХИМОВ,**  
ҚР АШМ ВБЖҚ Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Құтыру - бұл қоршаған ортаға аса қауіпті жіті вирустық жұқпалы өліммен аяқталатын ауру. Өлемде әр 10 минут сайын құтыру ауруынан бір адам қайтыс болады. Адамға және жануарға инфекция тістеу, тырнау және сілекей арқылы құтырған жануардан жұғады. Адам немесе жануар ағзасына енген вирус жүйке жолдарына таралып миға жетеді, онда қабыну дамиды, бұл орталық жүйке жүйесінің өмірлік маңызды элементтерінің жұмысын бұзып нәтижесінде өлімге әкел соғады.

Ауданымыздың басым бөлігінде шаруа қожалықтарының ауыл шаруашылығы жануарлары атап айтқанда мүйізді ірі қара және жылқы малдары күндіз және түнгі уақыттарда қараусыз қора

жайларға қамаусыз жатады, бұл жағдай жабайы және жыртқыш аңдардан келетін ауруларға қолайлы болып есептеледі. Сол себепті аудан тұрғындарының назарына меншігіндегі ауыл шаруашылығы жануарларын күндіз жайылым уақытында көзден таса қалдырмай түнгі уақытта жабайы және жыртқыш аңдардың кіре алмайтын қора жайларда қамап ұстайға кеңес береміз.

Құтырық ауруына қарсы егу жұмыстары мемлекеттік бюджет есебінен тек ошақ шыққан аулалардың ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық препараттардың бөлінінін себепінен аудан көлемі бойынша барлық мал басын толық егу мүмкін емес екенін атап айтқымыз келеді.

### Құтыру ауруының алдын алу шаралары:

1. Жабайы жануарлармен байланыста болудан аулақ болыңыз. Кезкелген жабайы немесе жыртқыш жануар тыныш, сау, бейбіт және мейірімді болып көрінседе ол қауіпті!
2. Балаларға бейтаныс жануарлармен байланысуға болмайтынын түсіндіріңіз және үйсіз иттер немесе мысықтар болуы мүмкін жерлерде балаларды қараусыз қалдырмаңыз!
3. Үй жануарларын ұстау ережелерін қатаң сақтаңыз, меншігіңіздегі ауыл шаруашылығы жануарларының ветеринариялық ұйымға тіркетіп жыл сайынғы ветеринариялық іс-шараларының егу тексеру жұмыстарының жүргізілуіне ықпал етіңіз және хабардар болыңыз!

Өзіміздің және жақындарымыздың денсаулығы өз қолымызда екенін ұмытпаңыздар!

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ВETERИНАРИЯ БАСҚАРМАСЫ ММ "ВETERИНАРИЯЛЫҚ ПУНКТЕРІ БАР АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ВETERИНАРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ" ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МКК.**



*Құттықтаймыз!*



Асқар таудай алдыңғы толқын ағаларымыз, еңбекте үлгі тұтар, қысылғанда кеңес сұрар ақылшыларымыз, соңынан ерген ізбасарларына қамқорлық танытып, ынтымақ пен ауызбірліктің ұйытқысы болып жүретін бірегей жандардың жөні бөлек. Олар жасының үлкендігімен ғана емес, ақыл-парасатының кемелдігімен, іс-әрекетінің ірілігімен, пейілі мен мінезінің кеңдігімен көптің көңілінен шығып, сый-құрметке ие болған **Есенов Есқали Молдағалиұлы** мен **Омаров Бақытжан Рақымжанұлы** жыл басында Пайғамбар жасына толып отыр. Осы екі бірдей ағаларымызды бір бірінен бөлмей бірге құттықтап жатқан себебіміз де бар. Олар екеуі де кезінде еңбек жолын қарапайым жұмысыдан бастаған. Кеңес



артып, ауыл шаруашылығының өркендеуіне мол үлестерін қосты. Сан жылғы тынымсыз еңбек, төккен тер тегін кетпеді. Кеңес кезеңінде де, Тәуелсіздік жылдары да еліміздің түрлі дәрежедегі марапаттарынан құр қалған жоқ.

Енді міне сол бейнеттің зейнетін көретін шаққа да жетіп отыр. Зейнет жастарыңыз құтты болсын.

Халқымыз «Жақсылық жүрген жерде тапшылық болмайды» дейді. Асыл ағаларымыз еңбекке араласқаннан бүгінгі күнге дейін ауыл - аймақтың сый - құрметіне ие абыройлы азаматқа айналды. Адам баласының көңілін қалдырмайтын кішіпейіл мінезі, елге болсын дейтін кең пейілі, ізетті ұстанымдары жылдан - жылға тұлғаларын асқарландырып, қадірлі аға, қоғамшыл қайраткер, абыройлы ақсақал деңгейіне көтерді. Бұл - «Жаңбырменен жер көгерер, Батаменен ер көгерер» дегендей, жасынан аузы дуалы ақсақалдардың, өзін мәпелеп өсірген ата - анасының алғысы мен ақ батасын алғанының жемісі деп есептейміз.

Талай күндер төккен термен өткен күн, Қуаныштың нәрі көктен сепкен күн. Талай жылдар тағылымы толысып, Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.

Осы жасқа жеткен де бар, жетпеген... Жаратқанның нұры сізде көктеген. Зейнет жастың бар қызығын көрсетсін, Көңіл деген көркем кейіп көк дөнен.

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН:**

**Талап Қылышбеков, Қуаныш Тілеубаев, Саят Тәсібеков, Ербол Сымханов, Асхат Сауғанбаев, Аслан Мендиханов, Жанай Ергалиев және інісі Алшын.**

**ИЛЬФА ИЛИЯСҚЫЗЫ ЖАНСҮГІРОВА**

Қазақ классигі, Құлагер әдебиетінің ақын - Илияс Жансүгіровтің қызы, қоғам қайраткері Санжар Жандосовтың жұбайы, дарынды ұстаз, Ильфа Илиясқызы 89 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Ильфа Илиясқызы 1935 жылы 29 - мамырда Алматыда дүниеге келген. 1950 - жылдардың басында Ильфа Жансүгірова Шет тілдері институтына оқуға түседі. Оны бітірген соң Қ.Сәтпаев атындағы политехникалық институтта, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында неміс тілі пәнінің оқытушысы болып, ҚазССР Педагогикалық қоғамының Ғалым хатшысы, сонымен қатар ҚазССР Ғылым академиясының шет тілдер кафедрасының оқытушысы болып жұмыс істеді. 1958 жылы Ильфа Илиясқызы Санжар Оразұлы Жандосовқа тұрмысқа шығады, екеуі бес баланы өсірді. Ильфа Жандосова тек батыр ана, жоғары білікті ұстаз ғана емес, 34 жыл ғұмырын бірге өткізген өмірлік қосағы, 1992 жылы қайғылы қазаға ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткері С.Жандосовтың сенімді серігі де бола білді. 1999 жылы ол Илияс Жансүгіров қоғамдық қорын құрып, оның жұмысын өзі басқарды. Қор Илияс пен Фатима Ғабитованың шығармашылық мұрасын жинақтап, зерделеп, аударып, басып шығарды, мектептер мен музейлерге қамқорлық көрсетіп отырды. И.Жандосова-



Жансүгірова «Тағдырымның іздері» атты естеліктер жинағын шығарды.

Илиясқызының ақжарқын бейнесі, қайсарлығы, парасаттылығы ел жадында.

Ақсу елі атынан қыздары Ажар, Дина, Жанар, Фатимаға, анамыздың барша туған туыстарына қайғырып көңіл айтамыз. Иманы жолдас болсын!

**Берік ТЫНЫШБАЕВ,**  
**Ақсу ауданының әкімі,**  
**Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
**Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы,**  
**Амангелді АЙТБАЕВ,**  
**Ақсу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы,**  
**Ғабит МҰСАБАЛАНОВ,**  
**Ақсу аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы.**

*Кінәраттар*

Заманада адамзат жайлы қиянат бар, Жастар аз, жақсы істі көбейтіп, тиянақтар. Қоғамда кейбір істер белең алып, Көбеюде қатерлі дау, кінәраттар.

Әр кезеңді әр ақындар қарасын, Абай айтты Жамантайдың баласын. Андас ақын досты сынап жыр жазса, Илияс сынап Күреңбайдың саласын.

Заманда біз көрмеген көп былықтар, Қарияда аз ата салтын сұрыптар. Алаяқ көп, ұрлық көп өтірік көп, Ұмыт болды, біршама салт - ғұрыптар.

Жастар қазір көп оқымай бүлінді, Қара төртбұрыш дүниеге үңілді. Естеріңді жинамасаң қазірден, Ұмытасың қасиетті ана тілінді.

Сатып кетер амал достар қаншама, Көп жақының тұңғыыққа салсада. Ойланасын, көз жұмасын кей сәтке, Кешірімнен мүлде көңіл қалсада.

Іс басталса қимылдайтын ертерек, Бос қалжындап, жүре бермей тентіреп. Адамгершілік қасиетті бағалар, Кінәратті жоятұғын жас керек.

**Ұлдана НҮСПЖАН,**  
**Кеңжыра орта мектебінің 10-сынып оқушысы.**

**Біреулер**

**«Үлкен рахмет!» – деп жатады. Рахметтің үлкен, кішісі бола ма екен? «Көп рахмет!» дейді. Оның да азы, көбі бола ма? Енді біреулер «Шексіз алғыс!» – дейді. Алғыстың шегі бар ма екен? «Мың алғыс!» дегенді де естідік. Жүз бе, мың ба, оны кім санапты. Біздің қазақ, әйтеуір сөзді көбейтуге құмар.**

**КИЕЛІСІН ТУҒАН ЕЛ**

Қазақтың даласы сырға толы. Сол тылсымды ашу жолында қаншама еңбектер мен ізденістер керек екіні баршамызға белгілі. Күнделікті халық арасындағы қолданба сөздерден де көрініп тұрады. Мысалы «жер ана» киелі жерді әлемде баға жетпес, қасиетті бойына дарытқан анаға балайды және де «Туған жер, алтын бесік» өмір есігін ашып, ана әлдиінде тербелген әр адамның туған жерін, сол киелі бесікпен ұштастырады.

Тас түскен жеріне ауыр дегендей, біздің ең басты байлығымыз, бізді ауасымен демалтып, суымен нәр беріп құшағына алып отырған қасиетті туған топырағымыз. Осы жолда, «мәдени мұра» бағдарламасы да жолға қойылған болатын соның нәтижесінде тарихи орындар, әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері және ұлы тұлғалар жайында қаншама тың деректер ашылды. Ұлы тұлғалардың, батырлар мен

ақындардың, ғұлама абыздардың ескерткіштері бой көтерді. Осы орайда өзіміздің Ақсу өңіріне үңілетін болсақ «330 жыл толған Бәрібай батыр» ескерткіші және дәл жанынан «130 жыл толған бала Илияс Жансүгіровтың» ескерткіші және де тау сағасына қазақтан шыққан қазанат «Түймебас» жүйріктің ескерткіші орнатылған болатын. Осы жобалардың барлығы жерлесіміз Матай Бәрібай қорының басшысы Қасымов Берікбол ағамыздың бастамашылығы мен және де айналасындағы жерім деген ұл - қыздарыңыздың сондай-ақ, жергілікті билік өкілдерінің қолдауымен іске асқаны белгілі. Осы орайда, мына бір жақсы жаңалықпен бөлісе кеткенді жөн көрдік. Күні кеше ғана, қаңтар айының 12 жұлдызы Берікбол Қасымов бастаған игі жақсылар аудан әкімі мен мәслихат төрағасына жолығып «Түймебас» этноауылы туралы әңгімелесті, аудан әкімі этноауыл орналасатын жерден 5 гек-

тар жер телімін наурыз айында, конкурсқа қоятынын айтты. Архитектор Мырзеков Нұрлан ағамыз этноауылдың эскиздік жобасын жасау үстінде, осы жаңалықты ести сала ауданымыздың атқа мінер азаматтары, шын қуанып бірі қазақ үйі, бірі шатыр, бірі ақшалай қолдау таныта жөнелді. Мұның өзі туған жерге, елге деген орасан махаббаттың белгісі. Осындай көрегендік танытатын, мәрттік білдіретін, аға буынның ізін жалғар біз жастарға тың ойлар мен шығармашылық шабыт қосылып жатқаны белгілі. Бұл бастамалардың барлығы киелі жеріміздің гүлденіп көркеюіне орасан зор үлес. Жақсы жаңалықтарымыз ұзағынан болсын. Ел сүйер ұрпаққа үлгі болып, бай қуатты күн кешейік, болашақпен үндесейік.

**Қайдар ЖАҒЫПАР,**  
**Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.**

● Ойтоған ауылдық округіне қарасты «Жылқыбаз» каналы 2023 жылдан бастап бос, иесіз мүлік ретінде тіркеуге алынды. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

**"АҚСУ Өңірі"**  
**Меншік иесі - ЖШС**  
**"Ақсу өңірі" газеті"**  
**Құрылтайшы, директор -**  
**бас редакторы**  
**ҚАСЫМБЕКОВА**  
**ЛӘЗЗАТ**  
**ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

*Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г*

*Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.*

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ**  
**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
Ақсу ауданы,  
Жансүгіров ауылы,  
Желтоқсан көшесі, №5 "В",  
аудандық әкімшілік үйінде

**Тапсырыс 488**  
**Осы шығарылымның таралымы 2489**

☎ Директор - бас редактор  
- 2-12-90,  
жауапты хатшы  
- 2-12-90.

✉ Электрондық пошта:  
aksuoniri@mail.ru  
Газеттің ресми сайты  
aksuoniri.kz

**Индекс: 65750**  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.